

егемен

Астана

Ұлы мұрат ұстыны

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылдың 17 қантар күнгі халықта Жолдауында: «Мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті» деуі, сөз жоқ болашақтағы мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы болатын.

Елбасы ұсынып отырған «Мәңгілік Ел» идеясын: ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Сонымен қатар қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған мақсаты, тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық әрекеттерін «Мәңгілік Ел» идеологиялық ұғымына сініру арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың алғышарты қаланды деуге де болады.

Мәңгілік Ел – жалпықазақстанның ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен елордада асқақ рухымыз берілген мәңгілік мұратымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы – аталған идеяның мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі.

«Мәңгілік Ел» ұғымының тарихы мен тамыры терен және этимологиялық атау тұрғысынан үлкен мағыналық мәні бар. Бұл сөз айқындаушы лексикологиялық мәні жөнінен «Тәнір», «Құдай» сөздерімен мағыналас. Яғни «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз берілген мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құраушы қазақ халқы мен өзге де этностардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын ұстын екендігінде. Ал осындағы ұлттық ұстын-идеяға негіз болып отырған – бабаларымыздың көзі, тарихымыздың өзегі – көне түркі жазба ескерткіштері екені анық.

Осыдан 20 жылдың алдында, ел тәуелсіздігіне 10 жыл толған мерейлі мереке қарсаңында Күлтегіннің көк тасы Ұлы дала төсіне оралды. Аталған жәдігер жайлы дүниежүзілік түрколог ғалымдар бір ауыздан, мұндағы ескерткіш таңба Мәңгі тасқа ойып бәдізделген ежелгі түркілердің ғұмырлық арман-мұраты һәм болашақ ұрпағына қалдырған өшпес өситеті іспеттес деп қарайды. Қазіргі тілмен айтсақ, ежелгі бабаларымыздың ел бірлігі мен ұлыс тұтастыры жолында ұстанған бұлжымас, айнымас саяси идеологиялық ұстыны.

Мысалы, ежелгі Орхон жазбаларындағы: «Өтукен йыш олурсар, Бенгу ел тута олуртачы сен» («Өтукен қойнауында отырсан, Мәңгі елдігінді сақтайсың») немесе «Ненің сабымерсер, Бенгу ташқа уртым» («Барлық сөзімді айттар, Мәңгі тасқа бастым») деген жолдар (Мырзатай Жолдасбековтің аудармасы) сонау алыс ғасырдан күніреніп жеткен көк түркілердің үні екені анық.

Яғни біз бүгінгі ұрпақ жоғарыдағы жазба мәтіннен Мәңгі тасқа басылған Мәңгілік Ел идеясын ата-бабаларымыз бұдан XIII ғасыр бұрын ұстанғанын көреміз. «Түрк жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған Тонықек абыз екінші Түрк қағанатын құрғаннан кейін «Мәңгілік Ел» идеясын қолға алды. Бұл идеялық ұстынның негізгі бағыты – елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын іске асыруға бағытталды. Осы идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналып отыр. Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» философиясы, үшіншісі – Жұсіп Баласағұнның «Құтты Білік» дастаны» дейді ғалымдар («MANGI EL» журналы. № 9, 2013. –108 бет).

Тонықек ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық құштердің ұйытқысы болу қажеттігі тұп нысана ретінде айтылады. Сонымен қатар бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Демек бүгінгі түркі ұрпағы үшін ежелгі идеологиялық ұстын «Мәңгілік Ел» идеясын жаңғырту – заман талабы. Өйткені адамзат тарихын түркілік мәдениетсіз, түркілік санасыз, түркілік тарихсыз елестету мүмкін емес. Бірнеше жылдың алдында Анкара қаласында өткен ғаламдық түркітанушылар басқосуында алтай-түрктанушы Беликов «Кешікпей Мая күнтізбесінің есебі бойынша әлем халықтарының тұтас бір кезеңі аяқталып, түркі жұртының қайта дәуірлеуі басталды» дегеніндей, көк түркінің бір бұтағы – қазақ пассионарлығының ояну үдерісі, елорда төріне орнықкан Мәңгі тас – Күлтегін ескерткіші негізінде қалануы – уақыт талабы, замана сұранысы.